

Талдықорған қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жолақы жеңілдігін беру туралы

Жетісу облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 36-204 бірлескен шешімі және Талдықорған қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 276 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2025 жылы 2 мамырда № 307-19 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 33-бабына, "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 37 баптарына, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5, 6 баптарына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес , Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Талдықорған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Талдықорған қаласы азаматтарының мынадай жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тегін жол жүру құқығы берілсін:

- 1) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;
- 2) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;
- 3) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға.

2. Талдықорған қаласы азаматтарының мынадай жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көліктегі (таксиден басқа) тариф құнының елу пайызы көлемінде жеңілдетілген жол жүру құқығы берілсін:

- 1) екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
- 2) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;
3. Қаржыландыру көзі Талдықорған қаласының бюджеті болып айқындалсын.
4. Осы бірлескен шешім және қаулының орындалуын бақылау Талдықорған қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бірлескен шешім және қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Талдықорған қаласының әкімі

Е. Бәзіл

Талдықорған қалалық мәслихатының төрағасы

Т. Ахажан